

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

6. Інститут рукопису Національної Бібліотеки України ім. В.І. Вернадського. Фонд І (Літературні матеріали). Спр. 45632. Лист Вернадського В.І. до Багалія Д.І. від 8 червня 1918 р., 1 арк.
7. Інститут рукопису Національної Бібліотеки України ім. В.І. Вернадського. Фонд І (Літературні матеріали). Спр. 45633. Лист Вернадського В.І. до Багалія Д.І. від 24 жовтня 1918 р., 2 арк.
8. Вернадский В.И. Дневники 1917-1921 (октябрь 1917 – январь 1920) / НАН Украины ЦНБ им. В.И. Вернадского, РАН Архив. – К.: Наукова думка, 1994. – 270 с.
9. Кравченко В.В. М.І. Яворський та Д.І. Багалій в світлі архівних документів // Схід-Захід: Історико-культурологічний збірник. – Харків: Майдан, 1998. – 264 с.
10. Там же.

УДК 961/959 (5Каз)

КСРО КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМҒА ҚАРСЫ Р ЕПРЕССИЯЛАРДЫҢ БАСТАЛУЫ (1917 – 1930 жж.)

Каирбаев Бокетай Амангелдинович

boketay@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Тарих факультеті,
студент, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: А.С. Мусағалиева

Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз дәстүрлі төл мәдениетіне, тілі мен дініне толыққанды ие болды. Тарихи санамыздан ұмытыла бастаған ислам дінімен біте қайнасып қабысқан дәстүріміз елімізге қайта оралды. Алайда, Кеңестік үкіметтің ылаң саясаты салдарынан көптеген рухани құндылықтарымызды бойымыздан ажыратып алдық. КСРО басшылығының жетпіс жылдық шырмауында болған қазақ халқы бұл отаршылдықта болған басқа да түркі мұсылман халықтары сияқты асыл дінінен алыстай бастады. Отаршылдардың басты мақсаты отарланған елдің байлығы мен халық ресурстарын өз қажетіне асыру және халықты төл дінінен, әдет-ғұрып, салт-санасынан, тілінен, мәдениетін жұрдай ету. Сол сияқты қазақ халқы да отарланған ел ретінде талай зобаланды бастан кешірді. Алдымен діннің насихаттауына қатаң түрде тыйым салды.

Бүгінгі аталып өтетін тақырыпқа сай кеңестік дәуірде ислам діні ауыр эволюциядан өтті. Неліктен бұл Кеңестік саяси машина діндермен соншалықты қатаң байланыс ұстады, әсіресе Исламмен, деген сұрақтың жауабы: жаңа құрылған Кеңестік үкімет идеологиясының қызыққан принциптері мүлде басқа болды. Және діндерді, соның ішінде Исламды капитализмнің ойлап шығарған басқару құралы деп ойлады. Мәселен, мұсылман дінінде саудаға кеңінен рұқсат берілген әрі осы шаруашылыққа шариғат жағынан қолдау көрсетілген. Одан әрі КСРО-ның құрылуында зор рөл атқарған Маркс-Энгельс-Лениндік философия тарапынан дінге деген қарсылық көрініс тауып, оның қоғамдағы рөлін жоюға бағытталды. Және дінге қатысты болған саясаттың бейнесі Кеңестік билікке қарсы болған Уақытша үкіметтің саясатымен қарама-қайшы болды. Бұл анық нәрсе, себебі кез келген саяси күш өз бағдарламасын жау болған жақпен ұқсатпауға тырысады. Яғни Уақытша үкімет дін мен мемлекет арасындағы қатынастар саласын қайта қарауға, дін бостандығын беруге уәде етіп, жоғарыда аталған реформалар мен шаралардың жүзеге асырылуына ешбір соғыс жағдайлары кедергі бола алмайтынын айтты [1, 15 б.]

Мемлекеттік төңкерістен кейін, яғни 1917 жылы 24 қарашада РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Ресей және Шығыстың еңбек етуші мұсылмандарына» атты үндеуінде: «...Ендігі уақыттан бастап сіздердің наным-сенімдері мен дәстүрлеріңіз, ұлттық және мәдени

мекемелеріңіз ерікті және егеменді деп жарияланады. Өздеріңіздің ұлттық өмірлеріңізді еркін және тосқауылсыз ұйымдастыра беріңіздер. Сіздердің бұған құқықтарыңыз бар. Біліңіз, сіздердің құқықтарыңыз, Ресейдің басқа да халықтарының құқықтары сияқты революция мен оның органдарының, жұмысшылар кеңесінің, солдат және шаруа депутаттарының бүкіл күшімен қорғалуда» деп, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И. Ленин мен Ұлттар мәселесі бойынша халық комиссары И.В. Сталин қол қойған құжатта айтылған. Бірақ бұл лозунгтың түрлері біркелкі, әрі уақыт өтуімен тұрақты емес екенін, қағаз және сөз жүзінде ғана болғанын көреміз. Себебі, бұл лозунгтер жұмысшыларға завод, шаруаларға жер, халықтарға бейбітшілік, ал аш жүргендерге нан алып береміз дегендей болды. Ал оның нәтижесі: зауыттар мен жер мемлекеттікі болып қалып, соғыстар мен аштық өз тоқтауын таппады.

1917 жылдан бастап ислам құндылықтарын жою мақсатында мектептер(Құран оқу мен жазу үйрететін бастапқы мектеп), медреселер(жоғары ислам мектебі), мектептер, мұсылмандық соттар(шариғат), діни мерекелерді ұйымдастыруға тыйым салынды. Оңтүстік Қазақстанның бір ауданында 30 мешіттің 30-ы жабылса[2], батыс Қазақстанда бүкіл діни мекемелер, соның ішінде мешіт, медреселер қысқартылды[3].

Кеңес үкіметі мұсылман халықтарының діні олардың отбасы институттарында жоғары деңгейде сақталғанын, сол жанұя, туыстық қарым-қатынас дін мен салт-дәстүр, халықтық болмыстың сақталуының қайнар көздері екенін білді.

Сондықтан, бірінші кезекте, дінмен күресу үшін, әсіресе, Исламмен, Орталық Комитет 1917 жылдың желтоқсанында қабылданған «Азаматтық неке, балалар және азаматтық хал актілерін жүргізу туралы» және «Некені бұзу» атты Декреттерге біраз өзгеріс енгізеді[4, 237-240 б.]. Бұл реформаның нәтижесінде, ер адамдар 18 жастан бастап, ал әйелдер 16 жастап бастап неке қия алуға құқылы болды. Алайда, Қазақстан территориясында ерте жастап бастап үйлендіру, бесік құда болу дәстүрі сақталады. Соған қоса, шариғатқа сай некелер(никах) де жүзеге асырылып отырды.

Кеңестік Үкімет басшылықтың алғашқы жылдарында діни репрессияларын қабылданған заңдық актілермен, реформалар, декреттермен бастады. Оның тағы бір мысалы: 1917 жылы 2 қарашада Халық Комиссарлар Кеңесі «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясын» қабылдады. Сол бойынша, «ұлттық және ұлттық-діни ерешеліктер мен шектеулерге» тыйым салынды. 1918 жылы қабылданған «Ар-ождан еркіндігі туралы» Декрет тек формалды түрде ғана болды, себебі, діни мекемелер заңды тұлға ретінде қарастырылмады. Заңды тұлға ретінде танылмағаннан кейін олардың заңды дәрежесі болмады, сол үшін агитациялық жұмыстар, ағартушылық шаралар, діни сипаттағы әдебиеттің тарату дегенге күші болмады[5, 19 б.].

Негізі, Патша үкіметін құлатып, билікке келген Кеңестік Социалистік Үкімет дін, наным-сенім деген рухани құндылықтарға барынша нейтралитет көрсетуге тырысты, ал кейін оны мүлде мемлекеттен бөлек деп жария етті. Өз саясаты мен идеологиясын халыққа насихаттау мақсатында «дін иелерімен» келісімдерге келіп отырды. Бұл үдеріске бірден-бір дәлел: 1918 жылдың 20 қаңтарында қабылданған «Мемлекет пен шіркеудің және мектеп пен шіркеудің бір-бірінен бөлектенуі туралы» Декрет. Сондықтан өткен ғасырдың 20 жылдарында мемлекет діндерге деген нейтралитет бар екенін көрсетті, алайда дін уағыздауға тыйым салынды. Халық комиссариатымен құрылған, төрағалық орындары Семей, Верныйда болған Мұсылмандық социалистік комиссариат дінге жақын адамдарды тартып, оларға дінді үйретпей, уағыздамай, социалистік идеяларды уағыздаумен болды. Қайткенмен де, бұл комиссариаттың қолдауымен 1918 жылы жұма күні демалыс күні деп енгізілсе, 1919 жылы Құрбан айт мейрамын тойлауға рұқсат етілді. Бірақ бір жылдан кейін, 1920 жылы, Халық Комиссариаты дінге, соның ішінде Исламға, деген саясатты қатайтып жіберді[5, 9 б.]. Декреттің негізінде, мұсылман ұйымдарына қатысты бар мүлік халықтың мұрасы болып саналып, мемлекетке көшті, мектептерде дінді үйрету сабақтары жабылды. Тіркеуден өтпеген діни қызметкерлер «босқын молдалар», «босқын діни қызметкерлер», «алаяқ

молдалар» деп аталды. Ал қазақ ауылдарындағы молдалар, дінді жетік білетін имамдардың тіркеуден өтпегендері анық, сондықтан осыны желеу етіп, кеңестік мемлекет дінге қарсы саясатын бастады. «Әрбір ауылдағы бір молда – бір мешіт» принципі жергілікті қазақтарға қай жағынан болса да жақпады. Өйткені, сол молдалар жаназа өткізу, сүндетке отырғызу шараларын өткізгендіктен, халық оларға өте мұқтаж болатын. Ал жаппай түрде мешіт, молдаларды қысқарту діни мәдениеттің құлдырауына сөзсіз залалын тигізе бастады. Сондықтан молдалар санының жетіспеуі бірден байқалып, жергілікті ауылдардағы рухани өмірге әсерін тигізді. Қайткенмен де, молдалардың санына қарағанда мешіттер санының жағдайы қуанарлық жағдайда болды. А. Беннигсеннің айтуынша, «әр мешітке саны 90 мың адам келетін». Жоғарыда айтылған ««Ар-намыс еркіндігі туралы» декрет бойынша, әр адам қалағанынша кез келген дінді уағыздай алады, алайда бұл тек қағаз жүзінде ғана. 1919 жылдан бастап биліктегі Коммунистік партия ашық түрде өзінің мақсаты ретінде «діни көзқарастарды жоққа шығару» екенін белгіледі[7, 19 б.].

Тарихы тереңде жатқан қалыңмал беру дәстүріне 1921 жылы, 1924 жылы Ислам дініне сай бір әйелден көп әйел алу және әйелді күштеп тұрмысқа беруге тыйым салынды[8, 15-20 б.]. Бірақ, Кеңес үкіметі басшылығы капиталистік мемлекеттерге ұқсамаймыз деген күннің өзінде сол Еуропа елдері сияқты ойлайтынын көрсетті. Себебі, асыл дініміз Исламда «Көпәйел алу» деген жоқ, мұсылман ер адамда ең көп дегенде 4 әйел алу құқығы ғана бар. Ал «Көп» және «4» деген бір емес, адам баласы «көп» дегенде «10,20» деп түсінеді. Осыны ескеру керек. Соның өзінде, көп жағдайда қазақтар 2 әйел алумен шектеліп отырды. Және бұл шариги жолмен некелесу бабы жергілікті әдет-ғұрыппен араласып, өзіндік бір заңдылыққа айналды. Мәселен: жағдайы бар, дәулетті қазақтың ер адамы бірінші әйел – «Бәйбіше», ал екінші әйелі – «тоқал» алу үдерісі көптеп байқалады. Ал мұндай діни-дәстүрлі құбылысты сақтауды, әрі еліне демографиялық-экономикалық пайда әкелуді Кеңестік үкімет жоққа шығарып, соған қоса бұл құбылысты «артта қалушылық», «айуандық», «надандық» деп бағалады. Және 1924 жылы шығарылған келеңсіз реформаның өзінде де қателік бар. Мысалы, қазақ халқында «әйелді зорлап, күшпен тұрмысқа беру» салты мүлде болмады десек те болады, әрине, кейбір надандыққа батқан адамдарды немесе мәжбүр болған жағдайларды есептемесек. «Әйелді зорлап, күшпен тұрмысқа беруге» тыйым салу заңының орынсыз екенін байқаймыз.

Биліктің дінге қарсы күресі ойлағандай нәтиже бере бермегенін байқалады. Халық арасында, оның ішінде ұлттық аймақтарда, діншілдіктің сақталуы туралы фактілер кездеседі. Бұл жағдай кейбір партиялық қызметкерлердің арасында да орын алған. Мысалы, Қазақстанда Сыр-Дария губерниялық бақылау комиссияның ауылдық партия ошақтарын тексеру нәтижесі туралы анықтамасында РК(б)П-ның барлық мүшелерінің діншіл болып шыққаны жазылды. «Құдайға сенесің бе?» деген сұраққа мүшелердің біреуі «Біз барлығымыз сенеміз, мешітке барамыз, бізге намаз оқуға ешкім тыйым салған жоқ... Парткомды сыйлаймыз, Құдайды да тастамаймыз. Құдайын ұмытқан оңбайды. Менің ойымша, Ленин де Құдайды сыйлаған...» деп жауап берген. Ал, Оңтүстік аудандарда шарифат соттары сақталды. 1922 жылы 18 мамырда РК(б)П ОК-нің «Түркістан-Бұхара істері туралы» қаулы жарияланды. Қаулы бойынша вакуфтық жерлер бұрынғы иелеріне, яғни мешіт пен медреселерге қайтарылып, қазы мен билер соты қалпына келтірілді. Олардың құзырында неке, мирас, мүлік, асырауға алу туралы істер болды. Қазылар сотында қаралатын істер 1922 ж. РКФСР Қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес қаралуға тиіс болды. Бірақ іс жүзінде шарифат пен адат негіздері жиі қолданылды[9]. Демек, мұсылман діні азаматтық-құқықтық қатынастар мәселелерін шешуде маңызын жоймағандығы байқалды.

1923-1929 жылдар аралығында ҚазКСР территориясында түрік жазбасын реформалау мәселесі бойынша Комиссияның белсенді жұмысының нәтижесінде қазақ халқы араб(шағатай) жазуынан латын әрпіне, кейін кириллицаға көшеді. Осындай жұқа әрі тиянақты саясаттың арқасында КСРО басшылығы жергілікті халықты өз дінінен алшақтатуға үлкен қадам жасады. Жазбадағы трансформация, мешіттердің жабылуы Қасиетті Құран мен

Мұхаммед пайғамбардың сүннетін халыққа жеткізуші имамдардың рөлінің төмендеуіне әкеп соқтырды. Кириллицаға көшу науқаны орыстандыру саясаты мақсатында емес, Исламның беделін құлату мақсатында жүргізілді. Себебі Грузия мен армян жазулары еш өзгертусіз болды. Түрлі айдаулар мен қысымдарға қарамастан діни салт-жоралар имамдармен бірге құпия түрде өткізілген болатын. Билік басындағы коммунистік идеология діндерге келгенде атеистік көзқарас танытатын. Мемлекет жағынан болған тұрақты және қатаң бақылау, сонымен қатар тоталитарлық қудалаулар халықтың мұсылмандану үдерісін теріске айналдырды. Елде мешіттер, медреселер жабылып, атеистік көзқарастар толығымен қалыптасып, діни ерекшеліктері мейрамдар сынға алынып, мерекелер тыйым салынды, қажылық орындайтын мұсылмандар азайып, керісінше, дінге деген жайбарақат көзқарас қалыптасты[10, 45 б.].

1923 жылы 8 ақпанда үкіметтің «Діни бірлестіктерді тіркеу туралы» Декреті, 1929 жылы 8 сәуірде «Діни бірлестіктер туралы» қаулысы қабылданды[11, 72-86 б.]. Соңғы қаулы өкіметтің дін саласындағы саясатының сипатын өзгертті. Шіркеу мен мешіттер жаппай жабыла бастады. Мектептер мен мешіттерде діни ілімді оқытуға тыйым салынып, арнайы мектептер жұмысын тоқтатты. Діни салтқа табынушылар есепте тұрып, қамау, алынғанға дейін олар отбасыларымен бірге ПХҚ бақылауында болды. Оған қоса сондарын аңду, бұйрық орындалғанға дейін тінту шаралары пайданылды. Есепте тұрған діни қызметкерлер сайлау және сайлану құқықтарынан айырылды.[12]

«Дін – халық апиыны» деген ұстаныммен басталған Кеңестік басшылықтың дінге қатысты саясаты мен көзқарастары биліктің алғашқы кезеңінің өзінде-ақ көптеген қарсылық шараларын жүргізді. Кеңестік заңнаманың шығарған жұмысының нәтижесінде: дін мемлекеттен мүлде бөлінді, білім беру саласында дін рөлі төмендеді, саяси-қоғамдық қызметпен айналысқандарға дін уағыздауға мүлде тосқауыл қойылды, дін иелері мен қызметкерлері қудаланып, мешіт мүлкі тәркіленді, діни салттарды өткізу қиындай түсті, репрессияға ұшырағандар көп болды. Қысқасы, сол кездегі Қазақстан да діни реформалар жүргізілу барысында діни, ұлттық, әдет-ғұрыптық құндылықтардан айырыла бастады. Қазақ жерінде дәстүрлі ислам кең тарағандықтан мұсылман халқының қолдауын қамтамасыз еті мақсатында коммунизм мен шариғаттың ұқсастығы туралы идея насихатталды. Яғни, кеңес билігі большевизм идеясын кеңінен тарату үшін мұсылман дін басылар көмегін пайдаланды. Мұсылман дін басылары тарапынан «Кеңес билігі үшін, Шариғат үшін!» атты ұрандар айтылды. Мұндай келеңсіз саясат бойында діни мен ұлттық болмысынадеген намысы мен сүйіспеншілігі бар қарапайым халыққа жақпаған. 1917-1930 жылдар аралығындағы Кеңес өкіметінің Қазақстандағы исламға қарсы саясат ашық қарсыласу түрінде емес, сақтық, жанама сипатта асырылғанымен, көп ұзамай қатайған күреске ұласты.

Қолданылған әдебиет:

1. Хрестоматия по истории России 1917-1940 / сост. М.Е. Главацкий и др.; под ред. М.Е. Главацкого. – М.: Аспект Пресс, 1995. – 2-е изд., перераб. и доп. – 448 с.
2. ЦГА РК. Фонд 789. – Опись 1 – Дело 29. – Связана 1. – Л. 52
3. ЦГА РК. Фонд 789. – Опись 1 – Дело 29. – Связана 1. – Л. 53
4. Декреты Советской власти: 25 октября 1917 г. – 16 марта 1918 г. – М.: Политиздат, 1957. – Т.1. – 626 с.
5. Ауанасова Б.М. История эволюции религиозных отношений в Казахстане (на примере ислама 1941-1991 гг.): автореф. к.и.н. – Уральск, 2007
6. Ислам в СССР. Особенности процесса секуляризации в республиках Советского Востока.- М.: Мысль, 1983
7. Ауанасова Б.М. История эволюции религиозных отношений в Казахстане (на примере ислама 1941-1991 гг.): автореф. к.и.н. – Уральск, 2007

8. Мустафина Р.М. Представления, культуры, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX–XX веков). – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 176 с.
9. Аширов Н. Эволюция ислама в СССР. – М.: Политиздат, 1972. – 152 с.
10. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. Алма-Ата: Наука КазССР, 1981. – Т. 5. – 696 с.
11. Законодательство о религиозных культах/ сост. Гольст Г.Р., Новчин Д.М.; под общ. ред.: Куроедов В.А., Панкратова А.С. – М., 1969. – 262 с.
12. Романовская В.Б. Правовые аспекты взаимоотношений Советского государства и конфессий

УДК 961/959 (5Каз)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ (XX ҒАСЫРДЫҢ 20-40 ЖЖ.)

Караман Алмат Алтынбайұлы

kumaen@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының магистранты Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: А.М.Жаркенова

Қазақстан өткен ғасырда күрделі этнодемографиялық өзгерістерді бастан өткерген. XX ғасыр басында қазақ халқы негізгі бөлігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ауыл тұрғындары болған. Ал ғасыр соңында, урбанизация салдарынан, қала халқы басымырақ мемлекетке айналды. Өткен ғасырда Қазақстанда болған этнодемографиялық үдерістер Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі кезеңдердегі тарихи жағдайларға тікелей байланысты. Сол замандағы Патша үкіметінің қолдауымен Қазақстанға шаруалар мен әскери-казактарды қоныстандыру саясатының жеделдете жүзеге асырылуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы мен Қазан төңкерісінен кейінгі «Кіші Қазан төңкерісінің» салдары, 1921-1922 жылдар, 1931-1933 жылдар аштықтары мен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының зардаптары, тың және тыңайған жерлерді игеру нәтижелері еліміздегі қынжылтарлық демографиялық ахуалға еріксіз алып келді. XX ғасырда өткен демографиялық үдерістердің ауқымының кеңдігі мен күрделілігі Қазақстан халқының өсіп-өну тарихын зерттеудің ғылыми және қоғамдық сұранысқа ие, аса өзекті екендігіне еш күмән туғызбайды.

Аталған кезеңдегі Қазақстанның тарихи-демографиялық мәселелеріне қатысты еңбектерден алдымен А.Н.Доництың зерттеуін атауға болады. 1926 жылғы бірінші Бүкілодақтық санаққа арналған мақаласында автор Қазақстандағы халық санын 6 507 077 адам деп көрсете отырып, санақпен барлық халықтың толық қамтылмағандығын атап өтеді. Жалпы Қазақстан бойынша басым ұлттардан қазақтар 57,4 %, орыстар 19,8 %, украиндар 13,2 % деп көрсетеді[1]. Сонымен бірге 1924-1927 жылдардағы республикадағы ауыл халқының табиғи өсімін қарастырған Н.Д.Трублевичтің мақаласында автор ауыл халқының табиғи өсімі 1924 жылы 21,8, 1925 жылы 23,5, 1926 жылы 25, 1927 жылы 27,6 промилльболғанын көрсетіп, оның ұлттар бойынша ерекшеліктерін сипаттайды[2].

Кеңестік дәуірде алғашқылардың бірі болып қазақ халқының саны, құрамы, орналасуы жайында алаш зиялылары - М. Тынышпаев, кейін, Қазақстан демографиялық ахуалына байланысты Т. Шонанұлы, М. Есболұлы жазды. Сондай-ақ, бұл жөнінде М. Шоқайұлы, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, С. Садуақасов сияқты қазақ зиялылары да қалам тартқан. XX ғасырдың 20 жылдарындағы халықтың этникалық құрамы мен саны туралы мәселелерге көңіл бөлген еңбектердің бірі М.Тынышпаевтың еңбегі. Автор еңбекте қазақ этногенезінің,